

Тақырыбы:”Уақытша байланыстар механизмдері“.

Уақыттық шартты рефлексдер
әртүрлі уақыт аралықтарында
(бірнеше секунд, сағат, тәулік
арасында) қалыптасады. Оны
бағдарлайтын организмдегі көптеген
ырғақты өтетін құбылыстар
(тынысалу, жүректің соғуы, қимыл,
асқорытудағы сөл бөліну үрдістері т.
б.). Тірі организмде мұндай
биологиялық ырғақтардың бірнеше
толық жиынтығы болады.

Шартты рефлектің қалыпсуы уақытша байланысқа негізделген.

Бұл екі немесе бірнеше қыртыс және қыртысасты орталықтары құрылымының функционалдық бірлігі, яғни шартты және шартсыз тітіркендіргіштерге организмнің реакциясы.

Бұл байланыс организмнің жағдайына байланысты бекітіліп немесе жоғалуы мүмкін.

Уақытша байланыс дегеніміз – шартты және шартсыз тітіркенулерді ұштастырғанда пайда болатын, әртүрлі ми құрылымдары арасындағы белгілі қарым-қатынасын қалыптастыратын мидың нейрофизиологиялық, биохимиялық және құрылымдық өзгерістерінің жиынтығы.

Уақытша байланыс түзілісінің тетігі

- 1. Қозу иррадиациясы.**
- 2. Қозу орталығының доминанты.**
- 3. Жолдың сүрленуі.**
- 4. Конвергенция.**
- 5. Синапстардағы морфологиялық өзгерістер.**
- 6. Синапстардағы биохимиялық өзгерістер.**
- 7. Нейроглия қатысуы.**
- 8. Қыртыс – қыртысасты – қыртыс (Асратян Э.А.).**


Уақытша байланыс қалыптасуы кезеңдері:

1-ші кезеңде – импульстердің түйісуінің нәтижесінде бірнеше синапстар белсендіріледі. Бұл өз кезегі нейрондардағы зат алмасуын реттеуші жүйенің іс-әрекетін өзгертеді. Ми құрылымдарында қозудың өрістеуін жеңілдететін нейрондар белсенділігінің белгілі әрекеттері пайда болады;

2-ші кезеңде – нуклеотидтер қатынасып, жасушадағы нәрлендіргіш нейронның қозатын аппаратын қайта құрады;

3-ші кезеңде – синапс алаңдарының жаңа құрылымдары пайда болады.

Уақытша байланыс түзілісінің тетігі



ЖЖІӘ - ми қыртысының үлкен жарты шарларымен морфологиялық байланысқан, танымның маңызды және жаңа ақпаратты қабылдау мен өңдеудегі күрделі кешені болып табылады.

Адам миының интегративті күрделі формасы, ол сыртқы орта элементін үздіксіз анализдеу және оны синтездеп, тұтас түйсіну.

Анализ-синтез қызметі негізінде мінез-қылықтың бейімделуі жүзеге асып, ақпаратты қабылдау мен өңдеу және оны басқаға жеткізумен қатар белгілі бір дағды қалыптасады.

Шартты рефлексорлық реакцияны адамның жеке тәжірибесі негізінде қарастырып, болашақты болжауын қалыптастырады.